

**«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС-нің
сапа, қоршаған ортаны қорғау,
денсаулық қорғау және еңбек қауіпсіздігімен қамтамасыз ету,
энергиялық тиімділік, жемқорлық, алаяқтық салаларындағы
2023 жылға**

Мақсаттары мен Міндеттері

I. Денсаулық қорғау және еңбек қауіпсіздігімен қамтамасыз ету саласында

Мақсаты: Еңбек процесінде жұмыскерлердің денсаулықтары мен жұмысқа қабілеттіліктерін сақтаумен, қауіпсіздікпен қамтамасыз ету

- Өзара қарым-қатынастың барлық деңгейлерінде еңбекті қорғау және қауіпсіздігі жөніндегі негізгі функцияларды орындау үшін қызметкерлердің рөлі мен жауапкершілігін күшейту;
- Серіктестік жұмыскерлерімен және мердігер ұйымдардың жұмыскерлерімен топтық жазатайым оқиғаларға және өліммен аяқталған жазатайым оқиғаларға жол бермеу;
- COVID-19 коронавирустық инфекциясының және оған ұқсас вирустардың таралуын болдырмау үшін шаралар қабылдау;
- Техникалық куәландыруды уақытылы жүргізу, оларды одан әрі қауіпсіз пайдаланудың ықтимал мерзімін анықтау үшін техникалық құрылғыларға сараптама жүргізу.

II. Жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саласында

Мақсаты: Атқаратын лауазымына қарамастан Серіктестіктің лауазымды адамдары мен жұмыскерлерін сыбайлас жемқорлық және алаяқтық қызметке тарту тәуекелін барынша азайту:

- Сыбайлас жемқорлық және алаяқтық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігіне жол бермеу.

III. Қоршаған ортаны қорғау саласында

Мақсаты: Қоршаған ортаның ластану деңгейін азайту:

- Ластаушы заттардың үлестік шығарындылары - 11,23 гр/1 кВт*с артық емес;
- Күлқож қалдықтардың үлестік көлемі - 246,2 гр/1кВт*с артық емес;
- Станция аумағының ластануына жол бермеу. Бекітілген учаскелерде тазалық пен тәртіпті сақтау.
- 30 га алаңда күл үйіндісін қалпына келтіру;
- Санитарлық-қорғау аймағының шекарасында кемінде 500 дана ағаш отырғызу;
- Өндіріс және тұтыну қалдықтарын мамандандырылған кәсіпорындарға кәдеге жарату/қайта өңдеу/ көму үшін беру.

IV. Сапа саласында:

Мақсаты: Тұтынушыны электр энергиясымен тоқтаусыз және сенімді жеткізумен қамтамасыз ету:

- 22,15 млрд. кВтсағ кем емес өндірумен қамтамасыз ету;
- Мәжбүрлі тоқтатулардың коэффициентін 4,2%-дан асырмау;

➤ Технологиялық бұзушылықтар (апаттар, істен шығулар) санын асырмау – 1,35 ост./млрд.кВтсағ, (30 технологиялық бұзушылықтар).

V. Энергияны үнемдеу саласында:

Мақсаты: Техникалық-экономикалық көрсеткіштердің және энергоресурстарды үнемді тұтыну деңгейін қамтамасыз ету:

- Шартты отынның үлестік шығыны – 346,0 г/кВтсағ артық емес;
- Электр энергиясын өзіндік қажеттіліктерге жұмсау – 4,69%-дан артық емес;
- ГКС-ға судың үлестік шығыны – 2,0 м³/МВтсағ артық емес;
- Бу мен конденсаттың станция ішілік жоғалулары – 0,85%-дан артық емес;
- ЖҚҚ пайдалану уақыты энергоблоктардың жұмыс уақытынан бастап 80 %-ға дейін;
- Пайдалану басталғаннан бастап алғашқы істен шыққанға дейін кемінде – 2 800 сағат жұмыс істеу.

«Болат Нұржанов атындағы
Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС-нің
бас директоры:

2023 жылдың «24» 02



Е. Ертаев